

**Құрылыс – монтаждау өндірісіндегі  
геодезиялық жұмыстардың жіктелуі.**

Геодезиялық қызыметтің негізгі тапсыр-малары. Қазіргі индустральды құрылыс -кезінде, құрылыс жүріп жатқан жер монтаждау алаңына айналып, ондағы істелетін геодезия-лық жұмыстар технологиялық үрдістің -бір бөігіне айналады. Сондықтан геодезиялық жұмыстардың (өлшеулерге) дәлдігіне қойылатын талаптар арта түседі. Бұл талаптар жалпы құрылыстық, монтаждау және арнаулы жұмыстарға, яғни алаңда істелетін жұмыстардың барлығына бірдей келісілген графикпен атқарылады.



Құрылыс алаңында үрдісті геодезиялық жұмыстар жүргізіледі:

-геодезиялық жұмыстарды жобалау, құру және құрылыс салу үшін, оның орынын қадалау (разбив-ка) негізін қабылдау;

-құрылыс салу кезінде геоде-зиялық қадалау жұмыстарын атқару;


-құрылыс-монтаждау жұмыстарының дұрыс атқарылуын тұрақты бақылау және оны орындау техникалық құжаттарын құру және толтырып отыру;

-салынып жатқан ғимараттар мен құрылыстардың ойысуын, жылжуын бақылау



Өте күрделі және 14 қабаттан биік ғимараттарды салуда, арнаулы геодезиялық жоба жасалады да , ол төмендегі ретке бөлінеді:





Инженерлік ізденіс жұмыстарының түрлері мен атқаратын істері және бағдарламасы Инженерлік жұмыстарды жобалау және оны ары қарай салу, арнаулы инженерлік ізденіс деп аталатын үрдісті жұмыстар негізінде жүргізіледі. Инженерлік ізденістің негізгі атқаратын істері-болашақ құрылыс салынатын ауданның табиғи және экономикалық жағдайларын, құрылыс нысандарының оны қоршаған ортамен өзіндік байланысы, оларды қорғаудың инженерлік жолдары және құрылысты мекендеушілердің қауіпсіз өмір сүру жағдайларын зерттеу.


Инженерлік ізденістің әр түрі жобалаудың өзіне тән сатысын материалдық қамтамасыз етуі керек. Сондықтан ізденісті бірнеше түрге бөледі:

1) алдын алалық, техника-экономикалық негізін анықтау (ТЭН) немесе техника-экономикалық есептеу (ТЭЕ);

2) жобалау кезіндегі;

3) жұмыс істеу құжаттарын дайындау кезіндегі





Жоғарыда көрсетілген геодезиялық жұмыстар құрылыстық-монтаждау жұмыстар технологиясының қажет бөлігі болып табылады және құрылыс өндірісі мен арнайы жұмыстардың орындалу мерзіміне байланысты бір графикпен орындалады.



Геодезиялық жұмыстарды бастамас бұрын, бөлу жұмыстарында қолданылатын жұмыстық сызбалар, өлшемдер, координаталар және белгілердің өзара сәйкестігі тексеріліп, тапсырыс берушінің техникалық қадағалауымен өндіруге рұқсаты берілу керек. Геодезиялық жұмыстарды қажетті дәлдікпен өлшейтін құралдармен орындағаны дұрыс болады. Геодезиялық құралдар белгіленген кезегімен тексеріліп, — юстировкадан өту керек, және де әр жұмыс басталар алдында уақытымен тексерілу қажет.





**Назарларыңызға рахмет!!!!!!!!!!**